

А 2015

758 к



Астана қаласы  
Ішкі саясат басқармасы



«Дін мәселелерін зерттеу және психикалық  
реабилитациялау орталығы» Қоғамдық  
бірлестігі

«Астана қаласы Ішкі саясат басқармасы» Мемлекеттік мекемесінің тапсырысы бойынша

**«Қазақстан Республикасындағы дәстүрлі діндердің  
құндылықтарын тарату және насихаттау бағытындағы  
іс-шараларды өткізу, Астана қаласындағы (2012 жыл)  
IV Әлемдік және Дәстүрлі Діндер Лидерлерінің Съезінің  
диалогтық алаңын қолдана отырып, діни экстремизм  
мен терроризмнің алдын-алу»  
жобасы шеңберіндегі материалдар жинағы**

кателікті қайта қайталауы керек. Мейлінше сақтықпен, байыбына барып қана қайта тіркеуден өткізу еліміз үшін оң нәтиже болмақ.

Үшінші кезеңде әлемдік діндердің діни қозғалысындағы миссионерлік потенциалы күшейе түсіп, жаңаша өмір сүру мүмкіндіктерімен бөлісуге ұмтылушылық көрсету арқылы жаңа сенушілерді жинап, өзінің әлеуметтік базасын кеңейтуге тырсады. Төртінші кезең діни қозғалыстың аяқталатын сатысы болып табылады. Институциялану процесі шіркеудің жаңа әлеуметтік институт ретінде құрылуымен аяқталады. Бұл кезең орнықтылығымен, формализм мен конформизмнің күшеюімен, діни сенімдегі эмоцияның басылуымен, рухани өсу қажетті потенциалдың болмауымен мінезделеді. Осылардың себебінен сенушілер арасында наразылық туып, жаңа діни қозғалыстардың алғышарттары жасалады. Көшбасшылық бұл жерде әкімшілік-бюрократиялық қызмет атқарып, қалыптасқан тәртіпті сақтауға бағытталады [2, 75]. Сонымен қатар көшбасшысы азаматтардың жеке өміріне барынша араласуға және ықпалына түскен адамдардың зорлық пен киім киістерін, ішетін тамақтарын, діни дәстүрлерін өзгертуге және адамның санасы мен дүниетанымын бағындыруға күш салады [1, 50].

Кезінде, христиандықты зерттеудің негізінде М.Вебер мен Э.Трельч діни ұйымдардың дихотомиялық типологиясын ұсынып, секта яғни шіркеудің ішінен пайда болып, кейін бөлініп шығады [2, 76], - деген. Бұдан шығатын қорытынды көшбасшы өзінің қасиеттерімен соғына адам ертіп, жоғарыда аталғандай адам дүниетанымына ықпал етіп, өз үстемдігін авторитарлы түрде жүргізеді. Одан кейін өз мақсатына пайдалануға тырсады.

### **Пайдаланған деректер:**

1.Лама Шариф Қ.Қ. Ислам – бірлік, бейбітшілік және қайырымдылық діні //Мемлекет және дін. №1-2 (16-17), 2011.-49-50бб.

2.Борбасова Қ.М. Жаңа діни ағымдарды классификациялау мәселесі. //Саясат. №5, 2010.-75-76бб.

